

**Бекітілді**  
**Әбілқас Сағынов атындағы**  
**Қарағанды техникалық университетінің**  
**Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша**  
**18.09.2024 ж.**  
**(№2 хаттама)**

**Әлімхан Ермеков атындағы шәкіртақыны тағайындау Ережесі**

**1.** Осы Ереже Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, оның ішінде Қазақстанның бостандығы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін батырлық көрсеткендерді еске алу мақсатында «Әлімхан Ермеков және қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуы» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясының қарары негізінде құрылған Әлімхан Ермеков атындағы стипендияны тағайындау тәртібін айқындайды.

**2.** Шәкіртақы Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың мемлекеттік білім беру гранты негізінде де, ақылы негізде де білім алатын, қоғамдық-саяси, оқу (GPA кемінде 3,0) және ғылыми-зерттеу қызметінде елеулі жетістіктері бар күндізгі оқу нысанындағы 2-4(5) курс студенттеріне тағайындалады.

**3.** Шәкіртақыны тағайындау Әлімхан Ермеков атындағы стипендияны тағайындау жөніндегі комиссия мен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

**4.** Шәкіртақыға үміткерлер комиссияға жеке жетістіктер портфолиосын ұсынады. Портфолиоға факультет кеңесінің барлық оқу кезеңіндегі ұсынымдарының түпнұсқалары, транскрипт, сондай-ақ үміткерлердің жетістіктерін растайтын грамоталардың, дипломдардың, алғыс хаттардың, сертификаттардың, ғылыми жарияланымдардың және т.б. көшірмелері енгізілуі тиіс.

**5.** Шәкіртақы оқу семестріне тағайындалады.

**6.** Шәкіртақы саны – 1.

**7.** Шәкіртақы мөлшері мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттер үшін белгіленген мемлекеттік стипендия мөлшері негізінде сәйкес келеді.

**8.** Шәкіртақы бір адамға бірнеше мәрте берілуі мүмкін.

**9.** Шәкіртақыларды төлеу оқу семестрі ішінде ай сайын университеттің бюджеттен тыс қаражатынан жүргізіледі.

**Басқарма мүшесі – тәрбие ісі жөніндегі проректор**

**Қалыков А.Қ.**